

Облыстық бюджеттерге Моноқалаларды дамытудың 2012 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моноқалаларда кәсіпкерлікке микрокредит беру үшін 2013 жылға кредит берудің негізгі шарттарын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 тамыздағы № 768 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 180-бабына, «2013 - 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2012 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына және «2013 - 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1520 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге Моноқалаларды дамытудың 2012 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моноқалаларда кәсіпкерлікке микрокредит беру үшін 2013 жылға кредит берудің негізгі шарттары б е л г і л е н с і н .

2. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары тиісті мәслихаттар 2013 жылға арналған облыстық бюджеттерде тиісті түсімдерді көздейтін шешімдер қабылдағаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне мәслихаттардың көрсетілген шешімдерін берсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен кредиттік шарттар жасасуды;
- 2) бюджеттік кредиттердің мақсатты пайдаланылуын және республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне бюджеттік кредиттерді игеру туралы а қ п а р а т берсін.

5. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Моноқалаларды дамытудың 2012 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моноқалаларда кәсіпкерлікке микрокредит беру үшін 2013 жылға бөлінген бюджеттік кредиттердің игерілуіне мониторингті қ а м т а м а с ы з е т с і н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне жү к т е л с і н .

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық бюджеттерге Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моноқалаларда кәсіпкерлікке микрокредит беру үшін 2013 жылға кредит берудің негізгі шарттары

Облыстардың жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі - қарыз алушы) кредиттер беру үшін мынадай негізгі шарттар белгіленеді:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 683 қаулысымен бекітілген Моноқалаларды дамытудың 2012 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моноқалаларда кәсіпкерлікке микрокредит беру үшін 2013 жылға кредиттер қарыз алушыларға 5 (бес) жыл мерзімге 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % сыйақы ставкасы бойынша теңгемен беріледі;

2) кредиттерді игеру кезеңі кредитордың шотынан кредиттер аударылған сәттен бастап есептеледі және 2017 жылғы 15 желтоқсанда аяқталады.